

Егемен Қазақстан

 Egemen.kz

Каспий теңізі: үміт пен күдік

Алып қазанды ортаға алып алқа-қотан отырған көршілердей жағалауындағы мемлекеттер үшін «достық теңізі» атанған, түбі телегей байлыққа толы, суы мыңғырған балыққа бай, су жолы қарым-қатынасының алтын көпіріне айналу үстіндегі Каспий теңізінің қазіргі ахуалы нешік? Біз байлығына мастанып, ішкі әлемін ұмыт қалдырып жүрген жоқпыз ба? Осы орайда көп уақыттан бері Каспий теңізінің экологиялық проблемасына үніліп жүрген азамат, Маңғыстау облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы басшысының міндетін атқарушы Орынбасар ТОҚЖАНОВҚА жолыққан едік.

– Орынбасар Әбдіұлы, Каспий теңізінің тарихы, географиялық орналасуы оқырмандарға жақсы мәлім. Сондықтан оған тоқталмай, әңгімемізді теңіздің бүгінгі ахуалын айтудан бастасақ.

– Каспий теңізі – ірі тұйық су бассейні. Әр дәуірлерде әртүрлі атаулармен аталып келген теңіздің сауда-саттық үшін де, саяси-экономикалық мүдде үшін де маңыздылығы бағзы замандардан бері саяхатшылар мен зерттеушілердің назарынан тыс қалған жоқ. Ал су бетіне қалқып шыға келген «май шелпектер» оның астына бөккен мол байлықты аңғартып, талайдың аңсарын өзіне аударып алған болатын. Каспий теңізінің мол мүмкіндігі және оны игеру тәуелсіздік алған соң қолға мықтап алына бастады. Қазір теңіз тәуелсіз еліміздің әлемге ашылған қақпасына айналды, қазына қоймасы ретінде Қазақстанның даңқын асырып, шет мемлекеттердің бірге жұмыс жасауға ынтызарлық танытар нүктесі болды.

Алдын ала болжамдарға сүйенсек, теңізде 10 млрд. тонна шамасында мұнай бар, ал, мұнай-газ қоры 18-20 млрд. тонна деп есептеледі. Бірақ, Каспийге тек мұнай мен газ тұрғысынан қарасақ, көп нәрсені жоғалтамыз. Бұл теңіз көмірсутек өнімдерінің ғана емес, тіршілікке қажетті көптеген биоағзалардың мекені.

– Теңіз суы ащы, мұнда тіршілік ететін тірі ағзалардың алуандығы қандай?

– Бұл да бір көп айтыла бермейтін жәйт. Су ағзалары негізінен нейстон, нектон, бентос, планктон деген төрт түрге бөлінеді. Алғашқысы судың ауамен беттесетін

бөлігінде өмір сүреді. Олардың көзге анық көрінетіні – балдырлар. Нектон – су ішінде өз бетімен еркін жүзетін барлық тірі ағзаның жалпы атауы. Оған ең ұсақ балықтардан бастап, киттерге дейінгі барлық тіршілік иесі жатады. Бентос – су түбінде (шөгіндіде) өмір сүретін тірі ағзалардың, планктон – бүкіл су қабатында өз бетімен қозғала алмай немесе елеусіз ғана қозғалып өмір сүретін ағзалардың жиынтық атаулары. Олар жинақтап келгенде бір әлем, біртұтас экологиялық жүйені құрайды және әрқайсысының өзіндік қызметі бар, ол түптеп келгенде адамзаттың, қоршаған ортаның қалыптылығына әсер етеді. Каспийдің осы төрт қабаттан тұратын тұтас әлемінде су жануарларының 850-ден астам түрі бар. Теңіз маңында өмір сүретін құстар да бар. Мысалы, Маңғыстаудың Тұпқараған түбінен бастап Комсомол шығанағы, Бозашы түбегі, Құланды аралдары, Қаракөл, Кендірлі маңдары теңіз жағалауына үйір құстардың мекені болса, Маңғыстау түбегін көмкеріп жатқан теңіздің барлық бөлігінде балықтар, итбалықтар өмір сүреді. Бірақ, бұл табиғи үйлесімділікті одан әрі үйлестіруге немесе өзгертуге адам әрекеті табиғи жағдайлардан гөрі «қаттылау» әсер етеді.

– Әңгіменіздің төркінін түсіндім. Каспийден мұнай өндіру мен барлау, өзге де дайындық жұмыстарын жүргізудің барысын айтып отырсыз ғой...

– Каспий теңізіне, оның экологиялық ахуалына әсер ететін табиғи жағдайлар дегенде геодинамикалық тұрақсыздық, яғни теңіздің оңтүстік және орталық бөлігіндегі лайлы вулкандардың теңіз суы деңгейін тұрақсыздандыруы, жер қыртысы қысымының өзгеруіне байланысты күтілетін сейсмикалық тұрақсыздықты айтамыз. Бұдан басқа өзендер суымен келетін өндірістік қалдықтар, суға батқан ұнғымалардың әсері, жүзу құралдары санының артуымен ластанулар секілді техногендік әсерлер, сондай-ақ биологиялық факторлар тағы бар. Мысалы, балласт суы арқылы өзге жылы теңіздерден зоопланктонды – балықтардың негізгі жемін жойып жіберетін түрлі медузалардың келуі аса қауіпті. Каспий – күрделі құбылыс, әлі құпиясын ашпаған тылсым тереңдік. Біз әзірге тек оның сыртқы әлемін ғана айналып жүрміз. Теңіздегі мұнай – еліміздің ырысы, ұрпақтың несібесі. Каспий теңізінің қазақстандық бөлігінен барланған мұнай қоры 4,6 млрд. баррельге бағаланады. Қазақстан теңіз табанындағы шикізаттарды өндіру арқылы әлемдегі алып мемлекеттердің біріне айналады, мемлекеттің экономикалық әлеуеті мен әлемдік беделі артып, халықтың тұрмысы жақсарады. Қазіргі таңда алдын ала барлау мәліметтері бойынша, Каспийдің бізге қарасты бөлігінде 16 мұнайгаз кен орны бар деп болжанған. Жуық арада Қашаған кен орнынан мұнай өндіру басталады, ал қалғандарында түрлі бағыттағы барлау жұмыстары жүріп жатыр. Осы жерде әңгіменің екінші жағы – қауіпсіздікке тіреледі. Теңізден мұнай өндіргенде ұқыптылық пен тиянақтылық жетекші орынға шығуы қажет. Суда жұмыс жүргізуде мол тәжірибесі бар «Бритиш Петролеум» компаниясының Мексика шығанағында ұңғымаға ие бола алмай апат жасап алғандығын, мұндай жағдайдың Солтүстік теңізде де болғандығын баршамыз білеміз. «Өткеннің дұрысы – үлгі, бұрысы – сабақ» деп Елбасымыз айтқандай, осы оқиғалардан сабақ алып, олқылықтарға жол бермеуге тиіспіз. Әлемдік статистика деректеріне сүйенсек, жылына құрлықтағы әрбір 160-шы ұңғымада апаттыжағдай орын алады екен, ал судың аты су...

Каспий теңізі биоресурстарға өте бай. Одан жылына 300 мың тонна балық ауланып келді, теңіздің табиғи қасиеті арқасында ол жыл сайын қалпына келіп тұрды. Яғни теңіздің тірі байлығы да халық үшін аса қажетті. Осы жерде адамдардың аяусыз әрекетінен балықтың барлық түрі азайып келе жатқанын айтуға тиіспіз. Оның үстіне Маңғыстау облысының 500 мыңнан астам халқының тең жартысы осы теңіз суын тұшытып, ауыз су ретінде пайдалануда. Мұнай өндіруде өндірістік-техникалық қателік кетсе, мұның бәрі үлкен проблемаға айналып шыға келетін болады. «Шегірткеден қорыққан егін екпейді» дегендей, бұл Каспийден мұнай өндіруге қарсылық емес, тек қауіпсіздік ережелерін толықтай сақтап, заманауи технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылса деген үн.

– Теңіздің ғылыми тұрғыда зерттелуі қай деңгейде? Яғни теңізге әсер етуші әрбір фактор мен оның нәтижесі зерттеле ме?

– Жасыратыны жоқ, Каспий теңізінің қазақстандық бөлігі зерттеу жұмыстарынан кенже қалып келеді. Бір қарағанда алуан түрлі министрліктер мен құрылымдар зерттеу жүргізіп келе жатқан сияқты болып көрінуі мүмкін, алайда «аққу көкке, балық көлге, шаян шөлге» тартқан әрекеттер салдарынан әзірге Каспийге пайда болмай тұр. Ондағы биоресурстардың жайы туралы Қазақстанда ғылыми негізделген деректер жоқ. Сондықтан ел биоресурстарды қорғауға үлес қоса алмайды.

Мысал үшін айтар болсақ, тереңдігі 8-9 метрлік қайраңда алып кеменің бір жүріп өтуінің салдары қаншалықты? Ол аса қуатты винттері мен бентосты таяу уақытта қалпына келмейтін етіп қопарып өтеді. Ал Каспийдің қазақстандық бөлігінде қазірдің өзінде үш жүзден аса ауыр кемелер жүргенін, олардың таяудағы күндерде қуаты мен саны жағынан еселеп артатынын, теңізден жаңа кен орындарын игеруге байланысты жүзу аймағының көбейе түсетінін ескерсек, жүзу құралдарынан келетін зиянның өзін көзге елестету қиын. Ол жүздеген алып автокөліктің шөлейт даланы үздіксіз ерсілі қарсылы шыырлағанымен бірдей. Оған қоса ондаған жасанды аралдар мен жүздеген платформалар салынып, мұнай өнімдерін тасымалдайтын құбырлар тартылмақ. Олардың теңіздің тіршілік ортасына өзіндік әсері болмай қоймайды. Демек, олардың теңіз түбіндегі тіршілікке әсерін зерттеу керек болады. Қарапайым сөзбен айтқанда, су астында қай жерде тірі ағзалар, қай жерге өсімдіктер көп шоғырланғандығын анықтап, оларды категорияларға бөлу және өсімдіксіз жалаңаш жерлерді анықтау, әлем үрдісімен оларды қалпына келтіру шарасын алу қажет. Әзір тірі ағзамен өсімдіктер ең көп шоғырланған жерлерге шаруашылық жүргізбеу қажеттігін толық зерделеп жатқан ешкім жоқ. Нақтырақ айтсақ, теңіз түбі экологиялық аймақтарға бөлініп, қай аймақта қандай шаруашылық түрін, қай жерлерден құбыр, қандай дәлізбен кеме жүргізуге болатындығы зерттелген жоқ. Теңіздің 28 пайызы шартты түрде Қазақстанның үлесінде, жағалау сызығымен есептесек бізге тиесілі бөлік – 2340 шақырым. Өкініштісі, осынша көлемді иеленетін, Каспий теңізінде түрлі жобалар мен жұмыстарды қолға алып жатқан елімізде бірде-бір теңіз ғылыми-зерттеу институты жоқ. Балық шаруашылығын зерттеу институты ғана бар, бірақ оның жұмысы мен жарактандырылуы мүлдем көңіл көншітпейді. Ал балық инспекциясының қауқары өзімізге белгілі. Көрші мемлекеттерден теңіз аумағына кіріп, біздің жағалаудан бірнеше шақырым жерден заңсыз балық аулайтындар «Байда» атты кеме пайдаланады. Оның ұшқырлығы сондай, сағатына 100-110 шақырымды бірақ аттайды. Тікұшақ болмаса, оны тізгіндеу мүмкін емес. «Жағалау күзеті» шекаралық қызметі өткен жылдың қараша айына дейін 1726 шекара бұзушыны ұстаған және олардың түгелге жуығы балық аулау үшін ғана келген, ал құтылып кеткені қаншама?! Әрине, балық үшін шекара жоқ, әйтсе де өзімізге тиесілі аймақтың балығын қорғай алсақ, бұл халықтың нәпақасы болар еді. Сондықтан балық инспекциясын жетілген техникамен қамтамасыз ету, биоресурстарды қорғау, экологиялық тепе-теңдік бұзылса қалпына келтіру, өсіру, түрлі экологиялық болжамдар жасап, қауіпті жағдайдың алдын алып отыру мақсатында мемлекеттік ғылыми-зерттеу институтын құру керек. Теңіздің 20 пайызын иеленетін Ресейде басқаны айтпағанда, тек Каспийді зерттеумен айналысатын 6 мемлекеттік ғылыми-зерттеу институты бар. Еліміздің Қоршаған ортаны қорғау министрлігі мониторинг жүйесін құрып жатыр, ол, былайша айтқанда, фактілерді тіркеу. Ал сол фактілердің әсерін зерттеу керек емес пе? Керек! Олай болса республиканың «Жасыл даму» бағдарламасында атап көрсеткендей, Ақтау қаласында Каспий проблемалары бойынша ғылыми зерттеу институтын құрмайынша Қазақстанның Каспий теңізіндегі мемлекеттік, экологиялық мүдделерін қорғауда солқылдақтық орын алатын болады.

Сонымен қатар 2003 жылы қабылданған «Тегеран конвенциясы» негізінде дайындалатын Каспийдің теңіз ортасын қорғау жөніндегі ұлттық жоспарды қабылдайтын уақыт келді. Бұл жоспар, біріншіден, Каспийді қорғауға барлық құрылымдарды бастайтын құжат, екіншіден, теңіз аумағына келіп жұмыс жасап жатқан шетелдік компаниялардың жауапкершілігін арттыратын күш.

– Бұл аса маңызды мәселе екен. Бірақ, солай бола тұра кешеуілдейтіні неліктен?

– Осы пікірді жақтап, қолдауын білдіретіндер көп. Бұқара халықты айтпағанның өзінде, Маңғыстау облысының соңғы үш әкімі, С.Оспанов бастаған Парламенттің он бір депутаты, басқа да түрлі жанашыр ұйымдар мен қоғамдар мемлекеттік және түрлі министрліктер деңгейінде мәселе көтеріп келеді. Алайда қазірге дейін мәселе шешімін таппай отыр. Қарсы пікір айтушылар болмағанмен, түсінбейтін немесе немқұрайлы қарайтындар бар. Орталық Азиядағы замандастарымыздың осы салғырттығынан Арал теңізін мүшкіл халге әкелдік емес пе?! «Алтынды қолда барда қадірлеп» Каспий үшін әрекеттенуіміз қажет қой.

– **Әйтсе де, құзырлы орындар теңізді қорғау бағытында қол қусырып қарап отырмаған болар?! Қазіргі таңға дейін жасалған жұмыстар жөнінде айтсаңыз.**

– 2008 жылы Ақтау, Форт Шевченко қалалары, Құрық селосы мен Кендірлі демалыс аймағында Каспий теңізінің жағалауында, ұзындығы 284,5 шақырымсу қорғау аймақтарымен белдеулері орналастырылған болатын. Өткен жылы Түркіменстан шекарасынан Атырау облысының шекарасына дейінгі қалған 1115 шақырым жағалауда су қорғау аймағы мен жолағын орналастыру жұмысының жобасы жасақталып бітті. Қазір ол облыс әкімдігінің қаулысымен бекітілді. Ұзындығы 284,5 шақырым су қорғау жолақтары учаскелерін су қорына ауыстыру үшін жерге орналастыру жұмыстары аяқталды. Сонымен қатар, Маңғыстау облысының табиғи және әлеуметтік экономикалық әлеуетін экологиялық аудандастыру және экологиялық сыйымдылығын анықтаудағы ғылыми-зерттеу жұмыстары жасалды.

Халықтың, ғылыми және мемлекеттік мекемелердің назарын аудару, теңіз проблемаларын нақты білу мақсатында 2009 жылы Ақтауда Каспий аймағы мемлекеттері өкілдерінің қатысуымен «Каспий бассейні аумағының экологиялық жай-күйін басқарудың проблемалары» атты I халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Жыл сайын 12 тамызда Каспий маңы мемлекеттері өкілдерінің қатысуымен «Каспий күні» өтіп отырады.

2011 жылы облыс әкімдігінің тікелей қатысуымен Каспийдің теңіз ортасын қорғау жөніндегі Тегеран конференциясы конвенциясы бойынша III Ақтау сессиясы өткізіліп, онда Конвенция өмір сүрген сегіз жыл ішінде тұңғыш рет теңіз маңында өмір сүретін бес мемлекетке ортақ теңізге мұнай төгілген жағдайда бірлесе әрекет жасау жөніндегі аса маңызды құжат қабылданды.

Бес жыл бойы Каспий теңізі қайраңы мен жағалық аймағында ғарыштық қашықтықтан бақылау технологиясын қолдану арқылы мемлекеттік экологиялық мониторинг жүргізілді. Сөйтіп, қайраңды толық игеру басталғанға дейін теңіздің ауданы 40 мың шаршы шақырым Маңғыстау секторы бойынша материал жинақталды. Облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы жанынан құрылған Экологиялық зерттеу зертханасы өткен жылдан бастап Каспий теңізінің жағалау аймағына мұнай кәсіпшіліктері мен порттардың техногендік әсерін зерттеп келеді, биыл кешенді зерттеу жұмысын жүргізуге, өзара келісім бойынша, Дағыстан Республикасындағы мемлекеттік Қолданбалы экология институты да кірісті.

Теңіз жағалауының биоалуантүрлілігін сақтау мақсатында жағалау аймағында жалпы аумағы 540,0 мың гектардан астам жергілікті маңызы бар Қызылсай табиғи паркі мен Тасорпа, Жабайұшқан табиғи қаумалдары құрылса, қазір тағы да ерекше қорғалатын төрт аумақ құру жоспарлануда.

Алайда бұл жұмыстар жеткіліксіз. Теңіздің экологиялық проблемалары республикалық деңгейде, халықаралық ынтымақтастық шеңберінде ғана толық шешімін табуы мүмкін. Жалпы, Каспий теңізі туралы сөз қозғағанда жоғарыда айтылғандай, үміт пен күдік астасып шыға келеді. Аралды азалап жүргенде, Каспий деп күңіреніп қалмау үшін байыпты, сауатты және сақ әрекет ету керек.

Өңгімелескен Гүлайым ШЫНТЕМІРҚЫЗЫ